

**"Уәлиханов ауданы бойынша төлемдердің жеке түрдегі мөлшерлемесі туралы"
аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 маусымдағы N 7-14с шешіміне
толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы N 4-36с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 қаңтарда N 13-13-152 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 2 шілдедегі N 11-33с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 02.07.2015 N 11-33с шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 422-бабына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Уәлиханов ауданы бойынша төлемдердің жеке түрдегі мөлшерлемесі туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 маусымдағы № 7-14с (2009 жылғы 10 шілдедегі № 13-13-108 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген және 2009 жылғы 20 шілдедегі "Шұғыла" және "Ел тынысы" газеттерінде жарияланған) шешіміне толықтыру енгізілсін.

Аталған шешімнің 4-қосымшасы осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысының м.а.

КЕЛІСІЛГЕН:

"Уәлиханов ауданы бойынша
салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы

Т.Оспанов

О. Жауаров

Т. Кольшпаев

Кейбір қызмет түрлеріне салық сомасының белгіленген мөлшерлемесі

Рет N	Қызмет түрлері	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3